



@ILE\_AKIMAT  
@ILE\_TANY



№45 (5155)

Алматы және Жетісу облыстық  
қоғамдық-саяси апталық

7

қараша (жұма)  
ноября (пятница)

2025

жыл  
год

Алматинская-Жетысуская областная  
общественно-политический еженедельник

## ІШКІ САЯСИ КҮШ ПЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАР БАҒЫТЫ

Күні кеше Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасы Ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары бекітілді. Ол нендей бағыт пен бағдар деген заңды сұраққа қысқаша жауап беруге тырыстық. Қазақстанның сыртқы саясаты көпвекторлы бағытта дамып келе жатқанын білеміз, алайда ішкі саясаттағы ұстанымдар мен бағыттар да елдің дамуында аса маңызды рөл атқарады. Қазіргі уақытта ішкі саясатты жүйелеу, оның негізгі қағидаттары мен құндылықтарын нақтылау үшін жаңа тұжырымдамалық құжат қабылданды. Бұл құжат елдің ішкі саяси өмірінің барлық салаларын реттеп, мемлекеттік органдардың жұмысын ұйымдастыруға бағытталған. Тұжырымдаманы әзірлеуге Ұлттық құрылтай мүшелері, сарапшылар, қоғамдық ұйымдар мен ғалымдар белсене атсалысты. Ішкі саясаттың негізгі қағидаттары мен құндылықтары Қабылданған құжатта Қазақстанның ішкі саясатының негізгі қағидаттары айқындалған. Олар елдің әлеуметтік құрылымын нығайтуға және тұрақты даму жолында тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Құжатта қарастырылған негізгі қағидаттар мыналар: Заң және тәртіп: Бұл қағидат заңның үстемдігін, құқық тәртібін қамтамасыз етуді білдіреді. Қазақстанның әрбір азаматы заң алдында тең болуы тиіс. Заң үстемдігі тек құқық қорғау органдары мен мемлекеттік аппаратқа ғана емес, қоғамның барлық мүшелеріне де қатысты. Халық үніне құлақ асатын мемлекет: Мемлекет халықтың пікірін ескеріп, қоғаммен ашық және тиімді диалог жүргізуге міндетті. Бұл қағидат ұлттық бірегейлікті сақтап, әртүрлі мәдениеттер мен ұлттар арасындағы үйлесімділікті арттыруға негізделеді. Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет: Бұл қағидат саяси биліктің тармақтары арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге бағытталған. Президенттік жүйе, Парламент пен Үкімет арасындағы өзара үйлесімді жұмыс, қоғам мен билік арасындағы сенімді нығайту мақсатында қабылданған. Адал азамат: Әрбір азаматтың мемлекеттік саясатқа қатысуы, елдің дамуына үлес қосуы қажет. Бұл қағидат азаматтық жауапкершілікті, адалдықты, қоғамның игілігі үшін еңбек етуді

білдіреді. Таза Қазақстан: Жемқорлыққа қарсы күрес, экологиялық мәселелерді шешу, таза және қауіпсіз орта қалыптастыру – бұл қағидаттың басты бағыттары. Қазақстанның болашақ ұрпағына таза қоршаған орта мен әділ қоғам қалдырудың маңызы зор. Ішкі саясаттың басым бағыттары бойынша: Қабылданған тұжырымдамалық құжатта ішкі саясаттың бірнеше маңызды бағыты анықталған: Қоғамдық диалог: Бұл бағыт мемлекет пен қоғам арасында ашық пікір алмасу мен әртүрлі көзқарастарды тыңдауды қамтиды. Қоғамдық диалогты дамыту арқылы азаматтардың мәселелері шешіліп, мемлекет пен халық арасындағы байланыс нығаяды. Этносаралық қатынас: Қазақстанның көпұлтты құрылымы ескеріле отырып, этносаралық келісімді нығайту үшін жүйелі жұмыс жүргізу қажет. Әрбір этникалық топтың өз мәдениетін дамытуға мүмкіндік алуына жағдай жасау маңызды. Дін: Дін мәселесі Қазақстан үшін өте маңызды. Діни төзімділік, бейбітшілік және өзара түсіністік қағидаттарына негізделген саясатты ұстану елдегі діни жағдайды тұрақты ұстап тұруға ықпал етеді. Мәдени-гуманитарлық салалар: Ұлттың мәдени дамуы, тіл, өнер, білім саласында ұлттық бірегейлікті сақтау мақсатында шаралар қабылданады. Отбасы және жастар: Отбасы институты, жастардың әлеуметтенуі және білім алу мәселелері маңызды. Бұл бағытта отбасы құндылықтарын нығайту, жастарға арналған әлеуметтік және білім беру бағдарламаларының маңызы зор. Ақпараттық саясат: Ақпараттық кеңістікті реттеу, бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігін қамтамасыз ету және ақпараттық қауіпсіздік мәселелері де назардан тыс қалмайды. Жарлықтың маңызында, Қазақстан Республикасының ішкі саясатының қағидаттары мен құндылықтары туралы қабылданған Жарлықтың маңызы өте



зор. Ол мемлекеттің ішкі саяси жұмысын жүйелендіруге, мемлекеттік органдардың тиімді қызмет атқаруына ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл құжат азаматтар мен билік арасындағы байланысты нығайтуға, қоғамның біртұтастығын сақтауға бағытталған. Қабылданған тұжырымдама еліміздің болашақта одан әрі дамуына негіз болады. Қазақстанның ішкі саясатындағы жаңа тұжырымдама – еліміздің демократиялық дамуы мен әлеуметтік-экономикалық өсімі үшін маңызды қадам. Бұл құжат Қазақстанның саяси жүйесін, құқықтық тәртібін нығайтуға, қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етуге және ұлттық бірегейлікті сақтауға бағытталған. Ұлттық құрылтай мен сарапшылардың қолдауы мен қатысуы осы құжаттың сапалы және нақты болуын қамтамасыз еткен. Енді, ішкі саясаттың қағидаттары мен бағыттарына сәйкес жұмыс жүргізу арқылы Қазақстан өз дамуын жаңа деңгейге көтереді.

Бағдат ШОЙБАС

## БАСПАСӨЗ-2026

Алматы және Жетісу облыстық «Іле таңы» қоғамдық-саяси апталық газетіне 2026 жылға жазылу басталды. Біздің басылым бұрынғыдай аптасына бір рет, яғни жұма күні шығады.

Индекс 66143

Тікелей редакция арқылы балама түрде жазылуға болады:

|                        |        |         |
|------------------------|--------|---------|
|                        | 6 айға | 12 айға |
| Заңды тұлғалар үшін    | 3,200  | 6,400   |
| Жалпы жеке жазылу үшін | 2,750  | 5,500   |



55 жылдан аса  
тарихы бар  
«Іле таңы»  
газетімен бірге болып  
ауданымыздың  
тыныс-тіршілігінен  
тыс қалмаңыз!

## ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС АЛДЫНДА ЕСЕП БЕРДІ

Іле ауданының қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы өтті. Қоғамдық кеңес отырысына аудан әкімінің орынбасары Қуат Ақчабаев, бөлім басшылары, Боралдай кенті мен ауылдық округ әкімдері және аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Мәден Мұсаев, кеңес мүшелері қатысты. Күн тәртібінде төмендегі бес мәселе қаралып, шешімдер қабылданды. Олар:

- Іле аудандық мәслихатының 2025 жылғы 17 қыркүйектегі «2024 жылғы 26 желтоқсандағы «Іле ауданының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті туралы» №37-119 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» №49-159 шешіміне өзгерістер енгізу туралы;

- «Іле ауданының тұрғын үй коммуналдық-шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру бойынша атқарған жұмыстары туралы» Іле ауданының тұрғын үй инспекциясы бөлімі басшысының есебі; Іле ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жи-

науға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифін бекіту туралы;

- Іле ауданында 2025-2029 жылдарға арналған коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасын бекіту туралы «Іле ауданы бойынша идеологиялық тұрғыдан ескірген көшелерге жаңа атаулар беру туралы» Іле ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысының есебі;

- «Іле ауданының автомобиль жолдары және жолаушылар көлігі бөлімінің атқарған жұмыстары туралы» Іле ауданының автомобиль жолдары және жолаушылар көлігі бөлімі басшысының есебі;

- «Іле ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру бойынша атқарған жұмыстары туралы» Іле ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының есебі.

Өз тіліміз